

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**



БЕКІТЕМІН

Басқарма төрағасы – Ректор

А. Күрішбаев

2026 ж.



**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ҒЫЛЫМИ ЭТИКА КОДЕКСІ**


Келісілді

Сапа жөніндегі басшылықтың өкілі

М. Алексеева

Енгізген:


Ғылым департаментінің
директоры


(қолы)
«17» 06 2026 ж.

А.Султанов

Келісілді:

Басқарма Төрағасы – Ректордың
Бірінші орныбасары


(қолы)
«17» 06 2026 ж.

П.Ибрагимов

Академиялық мәселелер жөніндегі
проректор


(қолы)
«17» 06 2026 ж.

Г. Алпысбаева

Құқықтық қамтамасыз ету
бөлімінің бастығы


(қолы)
«17» 06 2026 ж.

С.Ордабаева

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Ғылыми кеңесінде қаралып, ұсыным берілді.

2026 жылғы 17 маусым, № 13 хаттама.

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Нормативтік сілтемелер	5
3	Негізгі ұғымдар.....	5
4	Ғылыми этика қағидаттары	6
5	Ғылыми этика қағидаттарын бұзу.....	9
6	Ғылыми адалдық	11
7	Мүдделер қақтығысы	13
8	Ғылыми этика комитеті	14
9	Қорытынды.....	18
10	Пайдаланылған дереккөздер тізімі	19

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ғылыми этика кодексі (бұдан әрі – Кодекс) ғылыми этиканың негізгі қағидаттарын, нормалары мен ережелерін айқындайды, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, ұйымдастыру, жүргізу, сараптау, жариялау, тарату және олардың нәтижелерін пайдалану кезінде академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын реттейді, сондай-ақ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ғылыми этика комитетінің (бұдан әрі – Комитет) қызметінің негізгі қағидаларын белгілейді.

1.2. Осы Кодекстің мақсаты – ғылыми этика мен академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыру, ғылыми зерттеулердің жоғары сапасын қамтамасыз ету, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚазҰАЗУ) ғылыми беделін нығайту, ғылыми этиканың бұзылуының алдын алу, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ қоғамның ғылыми зерттеулер нәтижелеріне деген сенімін арттыру.

1.3. Осы Кодекстің міндеттері:

ғылыми этика мен академиялық адалдықтың бірыңғай қағидаттары мен нормаларын белгілеу;

ғылыми этика бұзылуының және адал емес зерттеу практикасының алдын алу;

ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;

ғылыми зерттеулерді жауапкершілікпен жүргізу мәдениетін қалыптастыру;

ғылыми этиканың ықтимал бұзылуы туралы өтініштерді объективті, бейтарап және құпия түрде қарауды қамтамасыз ету;

ғылыми зерттеулердің сапасын және жарияланымдық қызмет деңгейін арттыру;

ҚазҰАЗУ-дың ғылыми беделін нығайту және ғылыми қызмет нәтижелеріне деген сенімді арттыру.

1.4. Осы Кодекстің күші ҚазҰАЗУ-дың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметінің барлық субъектілеріне, оның ішінде университет қызметкерлеріне, профессор-оқытушылар құрамына, ғылыми қызметкерлерге, докторанттарға, магистранттарға, ғылыми қызметке қатысатын білім алушыларға, постдокторанттарға, шақырылған зерттеушілерге, сондай-ақ ҚазҰАЗУ жүзеге асыратын немесе оның қатысуымен орындалатын ғылыми зерттеулерге, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларға қатысатын өзге де тұлғаларға қолданылады.

1.5. Осы Кодекстің талаптары осы Кодекстің 1.4-тармағында көрсетілген барлық тұлғалар үшін ҚазҰАЗУ-да немесе оның қатысуымен орындалатын ғылыми зерттеулерді жоспарлау, ұйымдастыру, жүргізу, қаржыландыру, сараптау, жариялау, өндіріске енгізу және нәтижелерін пайдалану кезінде міндетті болып табылады.

1.6. Осы Кодекс талаптарын сақтау ғылыми зерттеулердің сапасын қамтамасыз етудің, ҚазҰАЗУ-дың ғылыми беделін сақтаудың, академиялық адалдық мәдениетін дамытудың және ғылыми қызмет нәтижелеріне деген сенімді нығайтудың міндетті шарты болып табылады.

1.7. Осы Кодекстің талаптары қолданылатын тұлғалар:

ғылыми этиканың қағидаттары мен нормаларын сақтауға;
мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеуге және ол туындаған жағдайда бұл туралы уақтылы хабарлауға;
өздеріне белгілі болған ғылыми этиканың ықтимал бұзылу фактілері туралы дереу хабарлауға;

ғылыми этиканың ықтимал бұзылуы туралы өтініштердің объективті, жан-жақты және бейтарап қаралуына жәрдемдесуге міндетті.

1.8. ҚазҰАЗУ ғылыми этика пен академиялық адалдық қағидаттарының сақталуына қажетті жағдайлар жасайды, ғылыми этиканың ықтимал бұзылуы туралы өтініштердің объективті және құпия қаралуын қамтамасыз етеді, мұндай бұзушылықтар туралы адал ниетпен хабарлаған тұлғаларды қорғайды, сондай-ақ адал емес зерттеу практикасының алдын алу және оған жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Кодекс мынадай нормативтік құқықтық актілерге және ішкі құжаттарға сәйкес әзірленді:

2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған ҚР Конституциясы;

«Ғылым және технологиялық саясат туралы» ҚР 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ Заңы;

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі;

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ҚРЗ Заңы;

«Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 381-V ҚРЗ Заңы;

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 529 бұйрығымен бекітілген, ҚР Әділет министрлігінде 2024 жылғы 22 қарашада № 35392 болып мемлекеттік тіркеуден өткен Ғылыми этиканың үлгілік қағидалары;

ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі бұйрығы;
«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы.

3. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

Академиялық адалдық – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ғылыми зерттеулерді жүргізу, олардың нәтижелерін дайындау, сараптау, жариялау және тарату барысында басшылыққа алатын адалдық, сенім, жауапкершілік, әділдік және құрмет қағидаттарына негізделген мінез-құлық

қағидалары мен нормаларының жиынтығы.

Зерттеуші – атқаратын лауазымына, мәртебесіне немесе зерттеуге қатысу нысанына қарамастан ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

Ғылыми этика комитеті – ғылыми этиканың сақталуы, ғылыми этиканы бұзудың алдын алу және оларды қарау мәселелерін қарайтын, сондай-ақ осы Кодексте көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын ҚазҰАЗУ-дың тұрақты жұмыс істейтін алқалы консультативтік-кеңесші органы.

Мүдделер қақтығысы – тұлғаның жеке, мүліктік, кәсіби немесе өзге де мүдделілігі оның өз міндеттерін объективті, тәуелсіз және бейтарап орындауына әсер етуі немесе әсер етуі мүмкін деп қабылданатын жағдай.

Ғылыми адалдық – ғылыми зерттеудің барлық кезеңдерінде адалдық, объективтілік, ашықтық, жауапкершілік және кәсіби құзыреттілік қағидаттарын сақтау.

Ғылыми бедел – ғылыми қызмет нәтижелерінің сапасына, дұрыстығына, маңыздылығына және адалдықпен орындалуына негізделген зерттеушінің немесе ұйымның ғылыми қызметіне берілетін қоғамдық және кәсіби баға.

Ғылыми этика – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ғылыми зерттеулерді жоспарлау, жүргізу, сараптау, жариялау, тарату және олардың нәтижелерін пайдалану кезіндегі қызметін реттейтін моральдық қағидаттардың, кәсіби нормалар мен мінез-құлық ережелерінің жиынтығы.

Ғылыми этиканы бұзу – осы Кодекстің талаптарына, ғылыми этика мен академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін, ғылыми нәтижелердің дұрыстығына, зерттеушінің, университеттің немесе ғылыми қоғамдастықтың ғылыми беделіне нұқсан келтіруі мүмкін әрекет немесе әрекетсіздік.

Адал емес зерттеу практикасы – ғылыми этика қағидаттарын бұзатын деректерді қолдан жасау (фабрикация), деректерді бұрмалау (фальсификация), плагиат, бірлескен авторлықты тиісінше рәсімдемеу, мүдделер қақтығысын жасыру, негізсіз өзін-өзі дәйексөздеу, жарияланымдық белсенділікті жасанды түрде арттыру және өзге де әрекеттер.

Зерттеудің бастапқы (түпнұсқалық) деректері – ғылыми зерттеу нәтижелерін растайтын бақылаулардың, өлшеулердің, эксперименттердің нәтижелері, зертханалық журналдар, электрондық файлдар, деректер базалары, бейнелер, бағдарламалық код және өзге де материалдар.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

4. ҒЫЛЫМИ ЭТИКА ҚАҒИДАТТАРЫ

4.1. Жалпы ережелер

4.1.1. «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет ғылыми этика, академиялық адалдық, заңдылық, объективтілік, кәсіби жауапкершілік, ашықтық, зерттеуге қатысушылардың құқықтарын құрметтеу және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау қағидаттарына негізделе отырып жүзеге асырылады.

4.1.2. Ғылыми этика қағидаттары ғылыми қызметтің барлық кезеңдеріне, оның ішінде ғылыми зерттеулерді жоспарлауға, ұйымдастыруға, жүргізуге, сараптауға, жариялауға, таратуға, енгізуге және ғылыми қызмет нәтижелерін пайдалануға қолданылады.

4.1.3. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің барлық субъектілері осы Кодекс талаптарының сақталуына дербес жауапты болады.

4.2. Адалдық қағидаты

4.2.1. Зерттеуші:

ғылыми қызметті адал, әділ және объективті түрде жүзеге асыруға;

ғылыми негізделген зерттеу әдістерін қолдануға;

зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын, негізділігін және қайта жаңғыртылуын қамтамасыз етуге;

зерттеу әдіснамасын толық әрі дұрыс сипаттауға;

зерттеу нәтижелерін қолдан жасауға (фабрикациялауға), бұрмалауға (фальсификациялауға), жасыруға немесе әдейі өзгертуге жол бермеуге;

алынған нәтижелерді тексеру және растау мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

академиялық адалдық пен жарияланымдық этика талаптарын сақтауға міндетті.

4.3. Заңдылық қағидаты

4.3.1. Зерттеуші Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың, сондай-ақ ҚазҰАЗУ-дың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға міндетті.

4.3.2. Адам құқықтарын бұзатын, дербес деректерді қорғау, биоэтика, биологиялық, экологиялық және өзге де қауіпсіздік салаларындағы заңнама талаптарына қайшы келетін ғылыми зерттеулерді жүргізуге жол берілмейді.

4.3.3. Докторлық диссертациялар қорғауға ұсынылғанға дейін зерттеудің барлық кезеңдерінде, оның ішінде зерттеуді жоспарлау, әдістерін таңдау, зерттеу жүргізу, деректерді өңдеу және талдау, алынған нәтижелерді бағалау, жариялау және тарату кезінде ғылыми этика талаптарының сақталуына міндетті этикалық сараптамадан өткізіледі.

4.3.4. Докторлық диссертацияларды тексеру барысында мыналар бағаланады:

зерттеу объектілерінің, оның ішінде зерттеуге қатысушылардың, жануарлардың, биологиялық объектілердің және қоршаған орта объектілерінің құқықтарының, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының сақталуы;

плагиаттың, құқыққа қайшы дәйексөз алудың және академиялық адалдықтың өзге де бұзушылықтарының болуы;

тәуелсіз рецензиялауды қамтамасыз ететін ғылыми басылымдардағы жарияланымдардың, сондай-ақ рецензиялау сапасына күмән туғызатын журналдардағы жарияланымдардың, оның ішінде халықаралық Scopus дерекқорынан индекстелуі тоқтатылған журналдардағы жарияланымдардың болуы;

статистикалық ауытқулардың, деректердің сенімсіздігінің немесе зерттеу деректерінің негізсіз өзгертілуінің белгілерінің болуы;

адамдардың, жануарлардың, биологиялық материалдардың және қоршаған орта объектілерінің қатысуымен жүргізілген зерттеулер бойынша Этика комитетінің оң қорытындысының болуы.

4.3.5. Докторант диссертациялық жұмысты дайындау барысында жасанды интеллект технологияларын пайдаланғаны туралы ақпаратты Университет бекіткен өтініш нысанына сәйкес ұсынуға міндетті. Жасанды интеллект технологияларын

пайдалану ғылыми адалдық, ашықтық және зерттеушінің жауапкершілігі қағидаттарына сәйкес болуы тиіс.

4.4. Объективтілік қағидаты

4.4.1. Ғылыми қорытындылар мен шешімдер тек ғылыми фактілердің, сенімді деректердің және зерттеу нәтижелерінің негізінде қабылданады.

4.4.2. Зерттеулерді жүргізуге және олардың нәтижелерін түсіндіруге жеке мүдделіліктің, мүдделер қақтығысының, әкімшілік, саяси, діни, коммерциялық немесе өзге де заңсыз ықпалдың әсер етуіне жол берілмейді.

4.5. Жауапкершілік қағидаты

4.5.1. Зерттеуші:

зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы мен негізділігіне;

ғылыми этика талаптарының сақталуына;

зерттеуге қатысушылардың құқықтарының сақталуына;

қауіпсіздік талаптарының сақталуына;

жарияланған ғылыми нәтижелердің дұрыстығына жауапты болады.

4.5.2. Жарияланған ғылыми жұмыстарда қателер анықталған жағдайда зерттеуші оларды уақтылы түзетуге, түзетулерді жариялауға немесе белгіленген тәртіппен жарияланымды кері қайтарып алуға міндетті.

4.5.3. Зерттеушінің дәлелді себептерсіз бастапқы деректерді, зерттеу материалдарын немесе зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын растайтын өзге де құжаттарды ұсынудан бас тартуы алынған нәтижелердің дұрыстығын қосымша қарауға негіз болуы мүмкін.

4.6. Ғылыми этика талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу

4.6.1. ҚазҰАЗУ ғылыми қызметке қатысатын қызметкерлердің, докторанттардың, магистранттардың және басқа да білім алушылардың ғылыми этика талаптарын сақтауына тұрақты мониторинг жүргізеді.

4.6.2. Мониторинг барысында мыналар анықталады:

Университет қызметкерлері мен білім алушыларының ғылыми жарияланымдарының ретракциялану (кері қайтарып алыну) жағдайлары. Мұндай жағдайлар жарияланымды кері қайтарып алудың себептерін анықтау және осы Кодекс талаптарының бұзылғанын не бұзылмағанын айқындау үшін Ғылыми этика комитетінің қарауына жатады;

тәуелсіз рецензиялау рәсімдері күмән тудыратын ғылыми басылымдардағы жарияланымдар, оның ішінде халықаралық Scopus дерекқорынан индекстелуі тоқтатылған журналдарда жарияланған мақалалар;

зерттеу деректерінің сенімсіздігінің белгілері, оның ішінде статистикалық ауытқулар, зерттеу нәтижелерінің негізсіз өзгертілуі немесе бұрмалануы.

4.6.3. Ғылыми жарияланымның ретракциялануы туралы ақпарат анықталған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей Ғылыми этика комитетінде қаралады. Негіздер болған жағдайда қызметтік тексеруді (тергеп-тексеруді) бастау туралы шешім қабылданады.

4.6.4. Scopus дерекқорынан индекстелуі тоқтатылған журналдардағы жарияланымдар анықталған жағдайда Комитет жарияланымдық этика талаптарының сақталуын бағалайды және қажет болған жағдайда авторлардан тәуелсіз рецензиялау жүргізілгенін растайтын материалдарды, оның ішінде рецензенттердің пікірлерін және авторлардың ескертулерге берген жауаптарын сұратады.

4.6.5. Статистикалық ауытқулар немесе деректердің сенімсіздігін көрсететін өзге

де белгілер анықталған жағдайда Комитет зерттеудің бастапқы деректерін және зерттеу материалдарын сұратуға құқылы.

4.7. Ашықтық және айқындық қағидаты

4.7.1. Зерттеуші ғылыми қызметтің ашықтығы мен айқындығын мынадай жолдармен қамтамасыз етеді:

- зерттеу әдіснамасын толық сипаттау;
- қолданылған әдістерді дұрыс әрі нақты баяндау;
- зерттеу нәтижелерін объективті түрде ұсыну;
- алынған нәтижелерді тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ету.

4.7.2. Зерттеудің бастапқы (түпнұсқалық) деректері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе жобаны қаржыландыру талаптарында өзге мерзім белгіленбесе, зерттеу аяқталғаннан немесе оның нәтижелері жарияланғаннан кейін кемінде бес жыл сақталуға тиіс.

4.7.3. Докторанттар философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі берілгенге дейін, бірақ кемінде бес жыл бойы зерттеудің бастапқы деректерін сақтауға міндетті.

4.7.4. Ғылыми этика комитетінің негізделген сұрау салуы бойынша зерттеуші зерттеудің бастапқы деректерін және зерттеу материалдарын күнтізбелік 30 күн ішінде ұсынуға міндетті.

4.8. Кәсібилік қағидаты

4.8.1. Зерттеуші:

- кәсіби біліктілік деңгейін үнемі арттыруға;
- заманауи ғылыми әдістерді қолдануға;
- басқа зерттеушілердің зияткерлік қызмет нәтижелерін құрметтеуге;
- өзінің ғылыми қызметінің нәтижелерін объективті бағалауға;
- жарияланымдық этика талаптарын сақтауға;
- зерттеуге қатысқан барлық тұлғалардың зияткерлік үлесін мойындауға міндетті.

4.9. Зерттеуге қатысушылардың құқықтарын құрметтеу қағидаты

4.9.1. Ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде зерттеуші зерттеуге қатысушылардың құқықтарының, қадір-қасиетінің, қауіпсіздігі мен аман-саулығының қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

4.9.2. Адамдардың, жануарлардың қатысуымен, биологиялық материалдарды немесе қоршаған орта объектілерін пайдалана отырып жүргізілетін зерттеулер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті этика комитетінің оң қорытындысы алынғаннан кейін ғана жүргізіледі.

5. ҒЫЛЫМИ ЭТИКА ҚАҒИДАТТАРЫН БҰЗУ

5.1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын тұлғаның осы Кодекс талаптарына қайшы келетін және ғылыми зерттеулер нәтижелерінің дұрыстығының төмендеуіне, ғылыми қызметке қатысушылардың құқықтарының бұзылуына, зерттеушінің, ҚазҰАЗУ-дың немесе ғылыми қоғамдастықтың ғылыми беделіне нұқсан келтіруге әкеп соғуы мүмкін әрекеті немесе әрекетсіздігі ғылыми этиканы бұзу болып танылады.

5.2. Ғылыми этиканы бұзуға, оның ішінде, мыналар жатады:

ғылыми зерттеулер нәтижелерін қолдан жасау (фабрикациялау), бұрмалау (фальсификациялау), өзгерту немесе жасыру;

негізсіз өзгертілген, алып тасталған немесе қосылған деректерді қоса алғанда, шынайы емес деректерді ұсыну;

ғылыми қоғамдастық сенімсіз деп таныған немесе белгіленген ғылыми талаптарға сәйкес келмейтін зерттеу әдістерін қолдану;

плагиат, өзіндік плагиат, басқа тұлғалардың зияткерлік қызмет нәтижелерін заңсыз пайдалану;

бұрын орындалған зерттеулерді немесе олардың елеулі бөліктерін жариялау, қаржыландыру алу немесе өзге де жеке не кәсіби артықшылықтарға қол жеткізу мақсатында жаңа ғылыми нәтиже ретінде ұсыну;

авторлық қағидаларын бұзу, оның ішінде зерттеуге елеулі үлес қоспаған тұлғаларды авторлар құрамына негізсіз енгізу, елеулі үлес қосқан тұлғаларды авторлар қатарынан алып тастау, сондай-ақ ұжымдық зерттеу нәтижелерін басқа авторлардың келісімінсіз пайдалану;

жарияланымдық этика талаптарын бұзу, оның ішінде бұрынғы жарияланым туралы және нұсқалар арасындағы айырмашылықтар туралы тиісті мәліметтерді көрсетпей, бір жарияланымды немесе оның елеулі бөліктерін бірнеше басылымда қайталап жариялау;

тиісті тәуелсіз рецензиялауды және жарияланымдық этика қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етпейтін басылымдарда зерттеу нәтижелерін жариялау;

зерттеуге қатыспаған тұлғаларды ғылыми жарияланымдарды, оның ішінде зерттеу материалдарын жазуға немесе елеулі редакциялауға ақы төлеу арқылы тарту;

жаңа ғылыми нәтижелер алмай-ақ негізсіз өзін-өзі дәйексөздеу және жарияланымдық белсенділік көрсеткіштерін жасанды түрде арттыру;

ғылыми немесе сараптамалық шешімдер қабылдауға қатысатын тұлғалардың мүдделер қақтығысын жасыруы;

ғылыми қызметке қатысушыларға қысым көрсету, оның ішінде ғылыми шешімдердің нәтижелеріне ықпал ету мақсатында қызметтік жағдайын, әкімшілік өкілеттіктерін немесе өзге де артықшылықтарын пайдалану;

ғылыми зерттеудің сапасына қатысы жоқ әкімшілік немесе өзге де шараларды қолдану арқылы ғылыми саладағы адал бәсекелестікті шектеу;

ғылыми қызмет барысында алынған құпия ақпаратты заңды негіздерсіз жария ету; зерттеуге қатысушыларды зерттеудің мақсаты, әдістері, күтілетін нәтижелері және ықтимал тәуекелдері туралы жаңылыстыру;

авторлар ұжымы жасаған зерттеу нәтижелерін немесе зияткерлік меншік объектілерін құқық иеленушілердің тиісті келісімінсіз пайдалану;

ғылыми этиканың ықтимал бұзылуы туралы өтініштердің объективті қаралуына кедергі келтіру.

5.3. Егер жария сөз сөйлеулер мен ҚазҰАЗУ қызметіне қатысты сын-пікірлер шынайы деректер мен ғылыми дәлелдерге негізделсе, академиялық еркіндік қағидаттары шеңберінде айтылса және автордың жеке көзқарасын білдірсе, олар ғылыми этиканы бұзу болып табылмайды.

5.4. Әдейі жалған ақпаратты, негізсіз айыптауларды, қорлау сипатындағы пікірлерді немесе ҚазҰАЗУ-дың, зерттеушілердің не ғылыми қоғамдастықтың беделіне нұқсан келтіруге бағытталған өзге де әрекеттерді қамтитын жария мәлімдемелер ғылыми этиканы бұзу болып танылады.

5.5. Генеративті жасанды интеллект (GenAI) технологияларын ғылыми қызметте ақпаратты іздеу, өңдеу және жүйелеу, мәтінді тілдік редакциялау, деректерді талдау «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ғылыми этика кодексі

және өзге де техникалық міндеттерді орындау үшін көмекші құрал ретінде пайдалануға жол беріледі. Бұл ретте зерттеуші алынған нәтижелердің дұрыстығын міндетті түрде тексеруге тиіс.

5.6. GenAI технологияларын зерттеушінің дербес ғылыми жұмысын алмастыру мақсатында, оның ішінде ғылыми идеяларды қалыптастыру, зерттеу жүргізу, нәтижелерді түсіндіру, ғылыми қорытындылар дайындау үшін, сондай-ақ, GenAI көмегімен жасалған материалдарды оның қолданылғанын көрсетпей өз ғылыми нәтижесі ретінде ұсыну үшін пайдалануға жол берілмейді.

5.7. Мыналар ғылыми этиканы бұзу болып табылмайды:

журналдың ресми тарифтеріне сәйкес ғылыми басылымға жариялау ақысын (баспа алымын) тікелей төлеу;

зерттеушінің ҚазҰАЗУ-дың ресми ұстанымынан өзгеше жеке пікірін білдіруі, егер оның бұл пікірі жеке көзқарасы екені және Университеттің ресми ұстанымын білдірмейтіні нақты көрсетілсе.

5.8. Осы бөлімде келтірілген ғылыми этиканы бұзу мысалдары толық тізбе болып табылмайды және ғылыми тәжірибенің дамуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты нақтылануы мүмкін.

5.9. Ғылыми этиканың ықтимал бұзылуының әрбір жағдайы бұзушылықтың сипаты, тұлғаның жауапкершілік дәрежесі, оның салдары, ұсынылған дәлелдемелер және істің өзге де мән-жайлары ескеріле отырып, Ғылыми этика комитетінде жеке тәртіппен қаралады.

6. ҒЫЛЫМИ АДАЛДЫҚ

6.1. Жалпы ережелер

Ғылыми адалдық ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады және ғылыми зерттеудің барлық кезеңдерінде адалдық, объективтілік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын сақтауды көздейді.

Осы бөлімнің талаптары ҚазҰАЗУ-дың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметінің барлық субъектілеріне, оның ішінде қызметкерлерге, докторанттарға, магистранттарға және ғылыми зерттеулерді орындауға қатысатын басқа да білім алушыларға қолданылады.

6.2. Жол берілмейтін ғылыми практика

Ғылыми адалдықты өрескел бұзушылықтарға мыналар жатады:

фабрикация – ойдан шығарылған деректерді, зерттеу нәтижелерін немесе өзге де мәліметтерді жасап, оларды шынайы ретінде ұсыну;

фальсификация – зерттеу деректерін, материалдарын, әдістерін немесе нәтижелерін өзгерту, бұрмалау, іріктеп алып тастау не жасыру;

плагиат – идеяларды, мәтіндерді, зерттеу нәтижелерін, бейнелерді, деректерді немесе зияткерлік қызметтің өзге де объектілерін тиісті дереккөзге сілтеме жасамай иемдену;

авторлықты заңсыз иемдену;

негізсіз авторларды қосу немесе алып тастауды қоса алғанда, тең авторлық талаптарын бұзу;

мүдделер қақтығысын жасыру;

зерттеу нәтижелерін бұрмалау арқылы ғылыми қауымдастықты саналы түрде

жаңылыстыру.

6.3. Авторлыққа қатысты дауларды шешу

Ғылыми жарияланымдардың, зияткерлік қызмет нәтижелерінің және зерттеулердің өзге де нәтижелерінің авторлығына қатысты даулар зерттеуге қатысушы әрбір тұлғаның нақты зияткерлік үлесін ескере отырып, Ғылыми этика комитетінде қаралады.

6.4. Бастапқы деректерді сақтау және ұсыну

Зерттеуші зерттеу барысында алынған бастапқы (түпнұсқа) деректердің, материалдардың және құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе ғылыми жобаны қаржыландыру талаптарында өзге мерзім белгіленбесе, бастапқы деректер зерттеу аяқталғаннан немесе оның нәтижелері жарияланғаннан кейін кемінде бес жыл сақталуға тиіс.

Докторанттар бастапқы деректерді философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі берілгенге дейін, бірақ, кемінде бес жыл сақтауға міндетті.

Ғылыми этика комитетінің негізделген сұрау салуы бойынша зерттеуші бастапқы деректерді, зерттеу материалдарын және оларды растайтын құжаттарды күнтізбелік 30 күн ішінде ұсынуға міндетті.

Статистикалық ауытқулар немесе зерттеу нәтижелерінің шынайылығына күмән келтіретін өзге де белгілер анықталған жағдайда бастапқы деректерді дәлелді себептерсіз ұсынудан бас тарту немесе оларды ұсынудың мүмкін болмауы Комитет тарапынан зерттеу нәтижелерінің сенімсіздігі туралы қорытынды жасауға негіз ретінде қарастырылуы мүмкін.

6.5. Қателерді түзету

Жарияланған ғылыми жұмыстарда қателер анықталған жағдайда, зерттеуші оларды түзету, түзетулерді жариялау немесе белгіленген тәртіппен жарияланымды кері қайтарып алу (ретракциялау) жөнінде дереу шаралар қабылдауға міндетті.

6.6. Жасанды интеллектті пайдалану

Ғылыми зерттеулерді дайындау кезінде жасанды интеллект технологияларын тек көмекші құрал ретінде ғана пайдалануға жол беріледі және ол зерттеушіні зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы, түпнұсқалығы және ғылыми негізділігі үшін жауапкершіліктен босатпайды.

Докторлық диссертацияны дайындау барысында жасанды интеллект технологияларын пайдалану докторанттың мәлімдемесіне және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес міндетті түрде ашып көрсетілуге тиіс.

6.7. Докторлық диссертацияларды тексеру

Докторлық диссертацияны қорғауға жіберу мәселесін қарау кезінде ғылыми этика талаптарының сақталуына тексеру жүргізіледі, оның ішінде:

плагиаттың болмауы;

жарияланымдық қызметтің адал ғылыми практика талаптарына сәйкестігі;

тәуелсіз рецензиялау рәсімдері күмән тудыратын ғылыми басылымдарда, оның ішінде халықаралық дерекқорлардағы индекстелуі тоқтатылған журналдарда жарияланымдардың болмауы;

зерттеу деректерінде статистикалық ауытқулардың және олардың сенімділігіне күмән келтіретін өзге де белгілердің болмауы;

адам қатысатын, жануарларға жүргізілетін немесе биологиялық материалдарды пайдаланатын зерттеулер бойынша тиісті этика комитетінің оң қорытындысының

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ғылыми этика кодексі

болуы;

диссертацияны дайындау барысында жасанды интеллект технологияларының пайдаланылғаны туралы ақпараттың ашып көрсетілуі.

6.8. Техникалық қателер

Егер зерттеу барысында жіберілген техникалық (қасақана емес) қателіктің қасақана жасалмағаны ұсынылған дәлелдермен расталса, қате уақтылы түзетілсе және онда адал емес зерттеу практикасының белгілері болмаса, мұндай қателік ғылыми адалдықты бұзу болып танылмайды.

7. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

7.1. Жалпы ережелер

7.1.1. Мүдделер қақтығысы деп ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісінің жеке, мүліктік, қаржылық, кәсіби немесе өзге де мүдделілігі, оның ішінде өзі немесе өзімен байланысты (аффилиирленген) тұлғалар үшін тікелей немесе жанама пайда алу мүмкіндігі қабылданатын шешімдердің объективтілігіне, тәуелсіздігіне және бейтараптығына, сараптама жүргізуге, зерттеу нәтижелерін бағалауға немесе ғылыми қызмет саласындағы өзге де міндеттерді орындауға ықпал етуі немесе осындай ықпал ету мүмкіндігі туралы негізді пікір қалыптастыруы мүмкін жағдай танылады.

7.1.2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің әрбір субъектісі мүдделер қақтығысының туындауының алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға, оның бар екенін немесе туындау мүмкіндігін уақтылы анықтауға және бұл туралы ҚазҰАЗУ-дың Ғылыми этика комитетіне жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті.

7.1.3. Анықталған әрбір мүдделер қақтығысы Ғылыми этика комитетінің қарауына жатады. Қарау нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдердің объективтілігін, тәуелсіздігін және бейтараптығын қамтамасыз ететін мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шаралар қабылданады.

7.2. Аффилиирленген тұлғалар

7.2.1. Аффилиирленген тұлғаларға мыналар жатады:

жұбайы (зайыбы);

жақын туыстары (ата-анасы, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, туған және өгей аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері);

ғылыми қызмет субъектісімен еңбек, қаржылық, шарттық немесе қабылданатын шешімдердің объективтілігіне әсер етуі мүмкін өзге де қатынастарда болатын тұлғалар;

мәселе қаралғанға дейінгі үш жыл ішінде жасалған ғылыми жарияланымдардың немесе зияткерлік меншік объектілерінің тең авторлары;

ғылыми жетекші, ғылыми консультант, сондай-ақ ғылыми жетекшілік қатынастарымен байланысты докторант немесе магистрант;

мүдделілігі қабылданатын шешімдердің объективтілігі мен бейтараптығына ықпал етуі мүмкін өзге де тұлғалар.

7.3. Мүдделер қақтығысын ашып көрсету және реттеу

7.3.1. Өзінде мүдделер қақтығысы бар немесе оның туындау ықтималдығы бар тұлға тиісті шешім қабылданғанға дейін мұндай қақтығыстың бар екенін растайтын мән-жайларды көрсете отырып, бұл туралы Ғылыми этика комитетіне жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

7.3.2. Мүдделер қақтығысы бар тұлға өздігінен бас тарту (өзіне өзі шеттету) туралы мәлімдеуге міндетті және:

- тиісті мәселені қарауға;
- шешімдер қабылдауға;
- сараптама жүргізуге;
- рецензиялауға;
- зерттеу нәтижелерін бағалауға;

мүдделер қақтығысы қабылданатын шешімдердің объективтілігіне әсер етуі мүмкін өзге де рәсімдерге қатысуға құқылы емес.

7.3.3. Ғылыми этика комитеті ұсынылған материалдарды қарап, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

тиісті міндеттерді орындаумен үйлеспейтін айқын мүдделер қақтығысының болуын растайды;

ықтимал (айқын емес) мүдделер қақтығысының бар екенін растайды және оны реттеу жөніндегі шараларды айқындайды;

мүдделер қақтығысының жоқ екенін растайды.

7.3.4. Мүдделер қақтығысын реттеу шараларына мыналар жатады:

тұлғаның өздігінен бас тартуы (өзін өзі шеттетуі);

тұлғаны мәселені қараудан, сараптама жүргізуден, рецензиялаудан немесе шешім қабылдаудан шеттету;

мүдделер қақтығысының ықпалын болдырмайтын қосымша талаптарды белгілеу;

қабылданатын шешімдердің объективтілігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ететін өзге де шаралар.

7.4. Мүдделер қақтығысы туралы талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілік

7.4.1. Мүдделер қақтығысын жасыру, оның бар екендігі туралы уақтылы хабарламау немесе мүдделер қақтығысы болған жағдайда шешім қабылдау процесіне қатысу осы Кодекстің талаптарын бұзу болып табылады.

7.4.2. Мүдделер қақтығысының анықталуы, қаралуы және реттелуі туралы мәліметтер Ғылыми этика комитетінде объективтілік, бейтараптық және құпиялылық қағидаттарын сақтай отырып қаралады және Комитет отырысының хаттамасында көрсетіледі.

8. ҒЫЛЫМИ ЭТИКА КОМИТЕТІ

8.1. Жалпы ережелер

8.1.1. Осы Кодекстің талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, ғылыми этика талаптарының бұзылуының алдын алу және оларды қарау мақсатында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде тұрақты жұмыс істейтін алқалы сараптамалық орган – Ғылыми этика комитеті (бұдан әрі – Комитет) құрылады.

8.1.2. Комитеттің құзыреті Университеттің қызметкерлеріне, докторанттарына, магистранттарына және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметке қатысатын басқа да білім алушыларына қолданылады.

8.1.3. Комитет өз қызметін объективтілік, тәуелсіздік, бейтараптық, құпиялылық және қарауға қатысушылардың құқықтарын қорғау қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

8.2. Комитеттің негізгі функциялары

8.2.1. Комитеттің негізгі функциялары болым мыналар табылады:

ғылыми этиканы бұзу фактілері туралы келіп түскен өтініштерді қарау;
мүдделер қақтығысына қатысты мәселелерді қарау;
ықтимал бұзушылықтар фактілері бойынша өтініштерге алдын ала бағалау жүргізу және тексеру жүргізу;

ғылыми зерттеулерді орындау кезінде ғылыми этика талаптарының сақталуына қатысты мәселелерді қарау;

Университет қызметкерлері мен білім алушыларының ғылыми этика талаптарын сақтауына мониторинг жүргізу;

докторанттардың диссертациялық жұмыстарын ғылыми этика талаптарының сақталуы тұрғысынан қарау;

өтініштер болған жағдайда, талап қою мерзіміне қарамастан, қорғалған диссертацияларды Комитеттің тексеруі;

ғылыми этика талаптарының бұзылуының алдын алу және ғылыми этика жүйесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

8.3. Комитеттің өкілеттіктері

8.3.1. Жүктелген функцияларды орындау үшін Комитет:

құжаттарды, зерттеу материалдарын, бастапқы деректерді және өзге де мәліметтерді сұратуға;

қарауға қатысушылардан жазбаша түсініктемелер алуға;

зерттеушілерді түсініктеме беру үшін шақыруға;

тәуелсіз сарапшыларды тартуға;

ден қою шараларын қолдану туралы Университет басшылығына ұсынымдар жолдауға құқылы.

8.3.2. Зерттеуші, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе жобаны қаржыландыру талаптарында өзгеше мерзім белгіленбесе, зерттеу аяқталғаннан немесе нәтижелері жарияланғаннан кейін бастапқы (түпнұсқа) зерттеу деректерін кемінде бес жыл сақтауға міндетті.

8.3.3. Докторанттар философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі берілгенге дейін, бірақ кемінде бес жыл бойы бастапқы деректерді сақтауға міндетті.

8.3.4. Комитеттің негізделген сұрау салуы бойынша зерттеуші зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын растайтын бастапқы деректерді, зерттеу материалдарын және құжаттарды күнтізбелік 30 күн ішінде ұсынуға міндетті.

8.3.5. Деректерде анықталған ауытқулар болған жағдайда, бастапқы деректерді ұсынудан бас тарту немесе оларды дәлелді себептерсіз ұсыну мүмкін болмауы Комитет тарапынан зерттеу нәтижелерінің сенімсіздігі туралы қорытынды жасауға негіз ретінде қарастырылуы мүмкін.

8.4. Комитеттің құрамы және тәуелсіздігін қамтамасыз ету

8.4.1. Комитеттің құрамы ҚазҰАЗУ Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен үш күнтізбелік жыл мерзімге бекітіледі.

8.4.2. Комитеттің құрамына ғылыми дәрежесі бар және (немесе) ғылыми, сараптамалық немесе ұйымдастырушылық қызмет тәжірибесі бар, ғылыми этика, академиялық адалдық және құқықтық реттеу салаларында құзыреттерге ие, сондай-ақ мінсіз кәсіби беделі бар ҚазҰАЗУ қызметкерлері қатарынан тоғыз мүше кіреді. Комитет құрамында Университет факультеттерінің, ғылым департаментінің және заң қызметінің өкілдігі қамтамасыз етіледі.

8.4.3. Комитет мүшелері өз қызметін тәуелсіздік, объективтілік, бейтараптық және «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ғылыми этика кодексі

мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

8.4.4. Комитет мүшелері өз міндеттерін орындауға кіріскенге дейін, жалпыға қолжетімді ақпаратты қоспағанда, Комитет қызметі барысында алынған ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қояды.

8.4.5. Құпия ақпаратты жария еткені үшін Комитет мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8.4.6. Қаралып отырған мәселеге қатысты мүдделер қақтығысы немесе аффилиирленген Комитет мүшесі өздігінен бас тарту туралы мәлімдеуге және мәселені талқылауға әрі дауыс беруге қатыспауға міндетті.

8.4.7. Комитет мүшелерінің ғылыми этиканы ықтимал бұзуы туралы мәселелерді қарауды Комитет құрамына кірмейтін тәуелсіз тұлғалардан құрылған жеке комиссия жүзеге асырады.

8.4.8. Комитет қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету үшін Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен Университет қызметкерлері қатарынан Комитет хатшысы тағайындалады. Хатшы Комитет мүшесі болып табылмайды, дауыс беруге қатыспайды, Комитет отырыстарына материалдар дайындауды, хаттамаларды жүргізуді, өтініштерді тіркеуді және Комитет қызметін ұйымдастырушылық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

8.5. Өтініштерді қарау және тексеру жүргізу

8.5.1. Комитеттің мәселені қарауына ғылыми этиканың ықтимал бұзылуы туралы мәліметтерді және оны растайтын материалдарды қамтитын жазбаша өтініш негіз болып табылады.

8.5.2. Тексеруді бастамас бұрын Комитет өтінішке алдын ала бағалау жүргізеді және тексеруді бастау туралы шешім қабылдау үшін ұсынылған дәлелдемелердің жеткіліктілігін айқындайды.

8.5.3. Анонимді өтініштер ғылыми этиканың ықтимал бұзылуын растайтын нақты фактілер мен жеткілікті дәлелдемелер болған жағдайда ғана қаралады.

8.5.4. Ғылыми этиканың ықтимал бұзылуы туралы өтініш берген тұлға туралы ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, оның жазбаша келісімінсіз жария етуге жатпайды. Университет мұндай тұлғаның қорғалуын қамтамасыз етеді және өтініш беруіне байланысты оған қысым көрсетуге, қудалауға немесе өзге де қолайсыз салдарларға жол бермейді.

8.5.5. Қатысты тексеруді бастау туралы шешім қабылданған тұлға бұл туралы күнтізбелік 10 күн ішінде хабарландырылады және жазбаша түсініктемелер мен қосымша материалдарды ұсынуға құқылы.

8.5.6. Елеулі бұзушылықтарды қарау кезінде Комитет мүдделер қақтығысы жоқ кемінде екі тәуелсіз сарапшыны тартады.

8.5.7. Шешімдер ықтималдықтар теңгерімі қағидаты негізінде дәлелдемелердің жиынтығын бағалау арқылы қабылданады.

8.5.8. Комитеттің отырысы, мүдделер қақтығысы немесе аффилиирленген тұлғаларды есептемегенде, Комитет құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі.

8.5.9. Ғылыми этиканың бұзылғаны немесе бұзылмағаны туралы шешімдер Комитеттің күндізгі отырысында жасырын дауыс беру арқылы ғана қабылданады.

8.5.10. Тексеру жүргізудің және тәртіптік ықпал ету шараларын қолданудың жалпы мерзімі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 66-бабына сәйкес алты

айдан аспауға тиіс.

8.6. Ғылыми этика талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу

8.6.1. Университет қызметкерлері мен білім алушыларының ғылыми этика талаптарын ықтимал бұзу жағдайларына мониторинг жүргізеді.

8.6.2. Мониторинг мыналарды қамтиды:

Университет қызметкерлері мен білім алушыларының ғылыми жарияланымдарының кері қайтарылуы (ретракциялануы) жағдайларын мұндай ақпарат алынған күннен бастап 30–60 күнтізбелік күннен кешіктірмей анықтау;

ретракцияның себептерін анықтау және ғылыми этика талаптарының бұзылу белгілері болған жағдайда тексеру жүргізу;

Scopus дерекқорындағы индекстелуі тоқтатылған журналдарда жарияланған мақалаларды талдау;

жарияланымдарға тәуелсіз рецензиялау сапасын бағалау. Тиісті емес рецензиялау белгілері анықталған жағдайда Комитет алдын ала тексеру немесе тергеп-тексеру жүргізу туралы шешім қабылдайды және авторлардан рецензиялау рәсімінен өткенін растайтын материалдарды, оның ішінде рецензенттердің пікірлерін және авторлардың ескертулерге берген жауаптарын сұратуға құқылы;

статистикалық ауытқуларды және деректердің сенімсіздігін көрсететін өзге де белгілерді анықтау.

8.7. Докторанттардың диссертациялық жұмыстарын тексеру

8.7.1. Докторлық диссертацияны қорғауға жіберер алдында ғылыми этика талаптарының сақталуына тексеру жүргізіледі.

8.7.2. Тексеру мыналарды қамтиды:

плагиатты анықтау;

диссертацияға қатысты жарияланымдардың адал ғылыми практика талаптарына сәйкестігін тексеру;

тиісті тәуелсіз рецензиялауды қамтамасыз етпейтін ғылыми басылымдардағы, оның ішінде басылым сапасына қойылатын талаптардың бұзылуына байланысты халықаралық дерекқорлардағы индекстелуі тоқтатылған журналдардағы жарияланымдарды анықтау;

деректердегі статистикалық ауытқулардың болуын талдау;

адам, жануар немесе биологиялық материал қатысатын зерттеулер жүргізілген жағдайда тиісті этика комитетінің мақұлдауының болуын тексеру;

диссертацияны дайындау кезінде жасанды интеллект технологияларының пайдаланылғаны немесе пайдаланылмағаны туралы докторанттың мәлімдемесін тексеру.

8.7.3. Адамдардың және жануарлардың қатысуымен жүргізілетін зерттеулер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті этика комитетінің оң қорытындысы алынғаннан кейін ғана жүргізіледі.

8.7.4. Тексеру нәтижелері бойынша Комитет ғылыми этика талаптарының сақталуы туралы қорытынды рәсімдейді. Қорытындыда анықталған бұзушылықтардың бар-жоғы туралы мәліметтер көрсетіледі. Бұл қорытынды Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен докторлық диссертацияны қорғауға жіберу туралы шешім қабылдау кезінде ескеріледі.

8.8. Комитеттің шешімдері және бұзушылықтардың салдары

8.8.1. Қарау нәтижелері бойынша Комитет мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

ғылыми этика талаптарының бұзылуының жоқ екендігі туралы;
кішігірім бұзушылықтың бар екендігі туралы;
елеулі бұзушылықтың бар екендігі туралы.

8.8.2. Бұзушылықтар анықталған жағдайда Комитет:

докторанттарға ғылыми жетекшілік ету құқығын шектеуді;

конкурстық, сараптамалық және аттестаттау комиссияларының жұмысына қатысу құқығын шектеуді;

ғылыми сыйлықтар мен стипендияларға ұсынуды шектеуді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің ішкі құжаттарында көзделген өзге де шараларды қолдануды ұсынуға құқылы.

8.8.3. Докторанттарға, магистранттарға және басқа да білім алушыларға қатысты ғылыми этика талаптарын бұза отырып алынған нәтижелер диссертациялық және өзге де біліктілік жұмыстарынан алып тасталады және мемлекеттік қорытынды аттестаттау немесе диссертацияны қорғау кезінде пайдаланылмайды.

8.8.4. Елеулі бұзушылықтар анықталған жағдайда білім алушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес оқудан шығаруды қоса алғанда, тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

8.8.5. Бұзушылық расталған жағдайда Комитет Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру талаптарына, баспалардың талаптарына немесе ғылыми этиканың жалпыға бірдей танылған халықаралық қағидаттарына сәйкес бұл қажет болған кезде мүдделі тараптарды, оның ішінде қаржыландырушы ұйымдарды, баспаларды және ғылыми журналдардың редакцияларын хабардар етеді.

8.8.6. Жарияланған ғылыми жұмыстарда қателер анықталған жағдайда зерттеуші оларды түзету, түзетулерді жариялау немесе жарияланымды белгіленген тәртіппен кері қайтарып алу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

8.8.7. Ғылыми жарияланымдардың, зияткерлік қызмет нәтижелерінің және зерттеулердің өзге де нәтижелерінің авторлығына қатысты даулар зерттеуге қатысушылардың нақты зияткерлік үлесін ескере отырып, Комитетте қаралады.

8.8.8. Комитеттің шешімімен келіспейтін тұлғалар Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен апелляциялық шағым беруге құқылы.

8.8.9. Қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді қамтымайтын Комитет шешімдері ҚазҰАЗУ-дың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Университеттің ресми интернет-ресурсында орналастырылуы мүмкін.

9. ҚОРЫТЫНДЫ

9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Кодекс Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Ғылыми кеңесінде бекітіледі және ҚазҰАЗУ Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен қолданысқа енгізіледі. Кодекс Университеттің ресми интернет-ресурсында ашық қолжетімді түрде орналастырылуға тиіс.

9.2. Осы Кодекстің талаптары Университет қызметкерлері, докторанттар, магистранттар, студенттер, сондай-ақ ҚазҰАЗУ қатысуымен жүзеге асырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметке қатысатын өзге де тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

9.3. ҚазҰАЗУ қатысуымен іске асырылатын ғылыми жобалардың,

бағдарламалардың, шарттардың және өзге де зерттеулердің орындаушылары немесе бірлескен орындаушылары болып табылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері осы Кодекспен танысқанын растайды және оның талаптарын сақтауға міндеттеме қабылдайды. Мұндай міндеттеме тиісті құжатқа қол қою арқылы не шартқа, келісімге немесе өзге де құжатқа тиісті талапты енгізу арқылы рәсімделуі мүмкін.

9.4. Осы Кодекс кемінде үш жылда бір рет, сондай-ақ мынадай жағдайларда қажеттілігіне қарай қайта қаралуға тиіс:

Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген кезде;

ғылыми этика саласындағы халықаралық құжаттар мен ұсынымдар қабылданған кезде;

ғылыми адалдықты қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру қажеттілігі анықталған кезде;

Ғылыми этика комитетінен, Университеттің құрылымдық бөлімшелерінен немесе өзге де мүдделі тұлғалардан ұсыныстар келіп түскен кезде.

9.5. Осы Кодекске енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Ғылыми этика комитетінде қаралады, ҚазҰАЗУ Басқармасымен келісіледі және ҚазҰАЗУ Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

9.6. Өзгерістер бекітілгеннен кейін Комитет хатшысы Кодекс мәтінін өзектендіруді және оны өзгерістер қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Университеттің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді.

10. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

2024 жылғы 1 шілдедегі №103-VIII ҚРЗ «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Ғылыми этика кодексі.
<https://ru.qazscience.gov.kz/science-kazakhstan/code-scientific-ethic> ;

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі №487 «Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережені және олардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033466> .

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 20 қарашадағы №529 бұйрығымен бекітілген, ҚР Әділет министрлігінде 2024 жылғы 22 қарашада №35392 болып тіркелген Ғылыми этиканың үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400035392> .